

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде
«Суреттегі Сандық Қазақстан» компьютерлік графикадан республикалық
интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтері «Суреттегі Сандық Қазақстан» шығармашылық жұмыстардың республикалық интернет-байқауды (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, ақпараттық технологияларды тәжірибелік қызметте белсенді қолдануға оларды тарту.

3. Байқау міндеттері:

- оқушылардың, студенттердің және педагогтердің назарын заманауи ақпараттық технологияларға аудару, қатысушылардың бағдарламалық қамтамасыз етуімен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын меңгеру;

- жастардың шығармашылық қабілеттерін және зияткерлік әлеуетін ашуға жағдай жасау;

- қатысушылардың компьютерлік графикада жұмыс жасау дағдыларын игеру.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау **2017 жылғы 11 желтоқсан – 28 желтоқсан** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 28 желтоқсанға дейін** қабылданады. **2017 жылғы 28 желтоқсаннан кейін** түскен, сондай-ақ, талаптарға сәйкес келмейтін Байқау материалдары қарастырылмайды.

7. Байқауға қатысу үшін info.do@list.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

1) төменде берілген үлгіге сәйкес өтінімді:

Қатысушының аты-жөні	Қатысушының жасы	Облысы, қала, аудан, ауыл	Білім беру ұйымының атауы	Байқаудың, номинациясының, жұмыстың	Жетекшісінің аты-жөні	Байланыс құралдары (ұялы
----------------------	------------------	---------------------------	---------------------------	-------------------------------------	-----------------------	--------------------------

				атауы		телефоны, электронды поштасы, WhatsApp, VK, FaceBook, Instagram)
1	2	3	4	5	6	7

2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);

3) электронды түрде байқау жұмысын.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 24-93-12 («Суреттегі Сандық Қазақстан» байқауы).

8. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін төлемақы төленеді:

білім алушылар - **1500 (бір мың бес жүз)** теңге;

педагогтер - **3000 (үш мың)** теңге.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ91856000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Суреттегі Сандық Қазақстан» байқауы.

10. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 29 желтоқсанда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

11. Байқауға:

1) 8-18 жастағы жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары келесі жас санаттары бойынша;

2) педагог қызметкерлері қатыса алады.








12. Байқау келесі номинация бойынша жүргізіледі:

«Сандық Қазақстан» бағдарламасы аясында ҚР БҒМ РҚББОӘО логотипін қалай көресіз» тақырыбындағы «Компьютерлік суреттер»

Байқау тақырыбы бойынша кез келген графикалық редактор көмегімен толық өз бетінше орындалған растрлық немесе векторлық суреттер.

Барлық байқау жұмыстары CorelDRAW, Adobe Photoshop, Adobe Illustrator және т.б графикалық редакторда орындалуы тиіс. Байқауға архивтелген форматта электронды нұсқада жұмыстар жіберіледі (түзету көздері *.cdr, *.psd (jpeg, png) және т.б.). Логотиптің өлшемі: min 1800x1800 – max 3000x3000 px.

Мысал (үлгі):

I этап		II этап		III этап
				
<p>қазіргі уақытта ҚР БҒМ РҚББОӨ логотипі</p>		<p>Сіздің нұсқаңыз</p>		
				

Бағалау өлшемдері:

- берілген байқаудың тақырыбы, мақсаты мен міндеттеріне жұмыстың сәйкес келуі тиіс;
- жұмыстың жаңашылдығы, түпнұсқалығы;
- жұмыстың техникалық орындалуының күрделілігі мен сапасы;
- туындының көркемдік деңгейі, элементтерді рәсімдеу дизайны, түстердің үйлесімді келісуі, композициялық шешімнің сапасы, келешегінің бар болуы.

13. Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бірнеше жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

14. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

15. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 24-93-12 («Суреттегі Сандық Қазақстан» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Бастапқы бет → Қашықтықтан өткізілетін республикалық интернет-байқаулар → «Суреттегі Сандық Қазақстан» байқауы → әрі қарай).